I апта «Алақай қыс келді»	Дене шынықтыру-3 (Маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Қыс келді» тақпағын жаттау. Мақсаты: Балалардың "тақпақ" ұғымын қалыптастыру, қыс туралы көркем сөз үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы көркемдеуіш сөздер арқылы ұғымдарды толықтыру; қыс мезгіліндегі құбылыстардың ерекше лектері туралы ұғымдар жиынтығын тиянақтау. Балаларды қыс туралы тақпақты есте сақтап, жаттап және мәнерлеп айту тәртібіне үйрету; мнемосызбаны қолдану дағдыларын қалыптастыру.	Математика негіздері Тақырыбы «Сыңарлы және сыңарсыз киімдер». Мақсаты: Балалардың заттардың шамасының қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау ені ұзындығы көлемі ұғымдарын бекіту заттардың шамасын салыстыру амалдарын қайталау киімдердің түрлері туралы қыста киіну тәртібін пысықтау. Балаларды шамасы үштүрлі заттарды ені ұзындығы бойынша	Сурет салу. Тақырыбы: «Аулаға қар жауды». Мақсаты: Балаларды бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы сюжетті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің,сұлбасын салып,қардың суреттегі түрлі жерлерінеқылқалам ның ұшымен не жақпалау техникасын пысықтау; Мүсіндеу. Тақырыбы: «Аққала».	

		Көркем әдебиет Тақырыбы «Боран» Мақсаты: Балаларды Қ Көпішев Ақ боран атты тақпағымен таныстырып қыс мезгіліндегі ақ боран сипатын тануға талпындырту тақпақты жаттауға жаттықтыру көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру қыс мезгілін көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп тануға үйрету зейінін ақыл ойын тілін дамыту байқағыштыққа тәрбиелеу сұлулықты бағалауға деген ынтасын ояту. Орыс тілі (Орыс тілі маманының жоспарымен)	салыстыруға заттардың шамаға қарай сәйкестіктерін байқауға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Аппақ қыс». Мақсаты: Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту қыс мезгілін дегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру қысқы табиғаттың көрінісімен адамдардың қысқы тіршілігін бақылау қабілеттерін қалыптастыру қыс туралы қысқаша әңгімелеп беруге үйрету.	Мақсаты: Балаларға ермексазdan аққаланы мүсіндеуді үйрету; бөлшектерді өзара дұрыс - бір бөлшекті екінші бөлшекке сылап тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту; шығармашылықтарын дамыту; табиғаттың сұлулығын сүйе білуге тәрбиелеу; аққаланың құрылысын бекіту, қисынды ойлауды және себеп-салдарлық байланыстарды орналастыруды үйрету. Музыка-2 (Музыка маманының жоспарымен)	
--	--	--	--	---	--

II апта «Жайнай бер, Қазақстаным».	Дене шынықтыру-3 (Маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Қазақстан картасы бойынша әңгімелесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [С], [З] дыбыстары». Мақсаты: Отанын сүю және басқа тақырыптарға қатысты [с], [з] дыбыс тары бар сөздер мен фразаларды нақты тылу	Математика негіздері. Тақырыбы: Әжемнің құрақ көрпесі. Шаршы мен тіктөртбұрыш Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер тіктөртбұрыш пен шаршының қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау, қоршаған заттардың геометриялық пішіндерге ұқсастығы жөнінде ұғымдарын жетілдіру қазақтың қолөнер үлгілері жөнінде мағлұматтар беру.	Сурет салу. Тақырыбы: «Әдемі көйлек киген Дана». Мақсаты: Балаларды мерекелі киімді киген Даның бейнесін салуға үйрету; сурет салуда қарапайым дене пропорциясын, басы және ұзын етек, жеңі бар көйлекті, бетіндегі көздерімен ауызы сияқты ұсақ бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру; Қазақстанның	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Қазақстан қалалары». Мақсаты: Балаларды Қазақстанның картасымен таныстыра
---	--	---	---	---	---

		айта білуге жаттықтыру, осы дыбыстардың артикуляциясын орын дата отырып, сөздер құрамында айтқанда құлақпен естіп қабылдауға, атауға үйрету. Балалардың Қазақстан туралы әңгімелесуге белсенді қатысу іскерлігін жетілдіру; Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көк тудың желбірегені» Мақсаты: Балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып жатқа айтуға үйрету. Тәуелсіздік мерекесінің бүкілхалықтық екенін ұғындыру өлеңдегі көркем сөздерді мәнерлеп айта білуге жаттықтыру Қазақстанның Тәуелсіздігі туралы ұғымдарын кеңейту.	Жаратылыстану. Тақырыбы: «Мұхит арал (океанариум)». Мақсаты: Балалардың мұхит, арал дағы балықтар туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгілінде жанды табиғат бұрышын мекендеушілерді байқау дағдыларын жетілдіру; Қазақстанның Тәуелсіздігі туралы түсінік беру; қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту. Құрастыру. Тақырыбы: «Ақтөске үйшік құрастырамыз». Мақсаты: Балаларды құрамында: тақтайша, призма, кірпіш барқұрылыс материалдары жинағын пайдаланып Ақтөске қыс мезгілінде тұруға арналған үйшікті құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарын бір-бірінен көлемі бойынша ажырату іскерліктерін дамыту; ит туралы білімдерін толықтырып, иттің дыбысталуын өздері дыбыс тап көруге үйрету;	Тәуелсіздік күні туралы білімдерін тиянақ тау; көзбен мөлшерлеу, қағаз бетін бағдарлау, зейін қабілеттерін дамыту; патриоттық сезімдерді қалыптастыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Тостағанды әшекейлейміз». Мақсаты: Балаларды қағазды бұру арқылы бұрыштарын кесіп алып тостаған қимаулігін қағаздың тең ортасына көлденең орналастырып жапсыруды тостағанның тең ортасына сол жақтан оңға қарай қошқар мүйіз оюларын жапсыруды үйрету, ыдыс аяқ түрлері ою өрнек және оның түрлері жайлы білімдерін кеңейту желімді дұрыс пайдалану артық желімді майлықтың көмегімен сүртіп тастау іскерліктерін дамыту. Музыка-1 (Музыка маманының жоспарымен)	отырып, еліміздің қалаларын жатқа білуге үйрету; Қазақстан қалаларының глобустағы орналасу реті туралы білімдерін кеңейту; Қазақстан қалаларын айрықша белгілеріне қарап, ажырата білуге жаттықтыру; туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
--	--	---	--	---	--

III апта тақырыбы: «Қош келдің, жаңа жыл»	Дене шынықтыру-3 (Маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Шырша туралы әңгіме құрастыру». Мақсаты: Балалардың әңгіме жанры туралы білімдерін тиянақтау; әңгіме және тақпақ, жұмбақ туралы	Математика негіздері. Тақырыбы: «Жаңа жылдық сыйлық». Мақсаты: Балаларды лего құрылыс материалдары: кірпіштерден жаңа жылдық шыршаны құрасуға үйрету; қыс мезгілінің белгілерін атау; қыс мезгілінде асыға күтетін жаңа жыл	Сурет салу. Тақырыбы: «Шырша». Мақсаты: Балаларды шырша пішінін салу техникасын игерту; бор арқылы шыршаның діні мен бұталарын салып,	
---	--	---	---	---	--

		ұғымдарды жетілдіру; шыршаның өсу ерекшелігі мен адамның өмірінде алатын орны туралы ұғымдар жиынтығын қалыптастыру; жасыл орманды аялау дағы экологиялық білім негіздерін қалау. Балаларды дайын мнемокарталардан белгілі шырша туралы тақырыпқа сай, әңгіме мнемокестесін өздігінен құрастыруға үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шыршаның басынан өткізген хикаясы». Мақсаты: Балаларды СДүйсенбиевтің Шырша да жылайды әңгімесі Мазмұнымен таныстыру, оларға шырша туралы мәтін мазмұнын түсінгендерін, сұрақтарға толық жауаптарды қайтару арқылы жеткізуге білуге үйрету, сюжетті суретте болған оқиға бойынша әңгімені құрастыруда жаттықтыру. Орыс тілі (Орыс тілі маманының жоспарымен)	мерекесі туралы білімдерін толықтыра отырып, Аяз атаға сыйлық жасауға ынталандыру; балалардың қол сау сақ моторикаларын дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылық тарын арттыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қырау». Мақсаты: Балалардың жансыз табиғат құбылысы қырау туралы түсініктерін кеңейту қыс мезгілін де басқа да жансыз табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру. Қыраудың пайда болу қасиеттерін білуге деген танымдық қызығушылықтары мен құштарлықтарын арттыру. Жаңа жыл туралы түсінік беру.	жасыл бояуға малынған сорғышпен жақпалап, қылқандарын жасап шығару дағдысын қалыптастыру; қыс мезгіліне байланысты мерекелер жөнінде ұғымдарды тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, түстерді ажырату, ой-қиялын дамыту; экологиялық тәрбие негіздеріне баулу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу Мүсіндеу. Тақырыбы: «Аяз ата». Мақсаты: Балаларды ермексаздың бөлшектерін домалату, созу, есу, жал пайту, жіңішкерту әдіс-терін пайдалана отырып Аяз атаны мүсіндеуге үйрету; адамның пішінін мүсіндеу үшін созу, жал пақтау, шымшып алу тәсілдерін пайдалана отырып, жұмыстың тұрақтылығын тексеруге дағдыландыру; балалардың ынта-ықыласын арттыру, мерекелік көңіл-күй туындату; адамгершілікке тәрбиелеу. Музыка-2 (Музыка маманының жоспарымен)	
--	--	---	--	---	--

IV апта «Жаңа жылдық	Дене шынықтыру-3	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Аққаламен сөздік жаттығулар тізбегі».	Математика негіздері. Тақырыбы: «Қапқа жасырынған сыйлықтар».	Сурет салу. Тақырыбы: «Шыршаның түрлі ойыншықтары».	Қоршаған ортамен танысу.
--------------------------------	-------------------------	--	--	--	---------------------------------

сыйлық тар»	(Маман жоспарымен)	Мақсаты: Балалардың тақпақ және жұмбақ жөнінде ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; Жаңа жыл мерекесіне қатысты тақырыпты пысықтау; қысқы мерекелер жөнінде түсініктер жиынтығын тиянақтау. Балаларды екі жолдан құрылған жаңа жыл мерекесіне қатысты қарапайым тақпақтар мен жұмбақтарды өздігінен шығаруға баулу. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жаңа жыл қарсаңында». Мақсаты: Балаларды Жаңа жыл қарсаңында суретінің мазмұнымен таныстыра отырып суретте көрсетілген әрекеттер арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету суреттің мазмұнын бар адамдардың тіршілігі қыс мезгіліндегі табиғи құбылыстарға тікелей байланысты екендігін түсінуге үйрету суреттегі баланың жаңа жыл алдындағы бақытты бейнесінің мағынасын түсіндіре отырып әрдайым азғантай нәрсеге болса да қуана білуге және әдептілік ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.	Мақсаты: Балалардың заттарды көзбен көрмей ақ бірден беске дейін санау амалы туралы білімдерін кеңейту бүгін ертең кеше ұғымдарын қалыптастыру қысқы мерекелік шаралар туралы түсініктерді тиянақтау. Балаларды шамамен үш түрлі заттарды жуандығы бойынша саусақтар арқылы өлшеп салыстыруға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жасанған шырша». Мақсаты: Балалардың жасыл шырша туралы түсініктерін кеңейту; жасыл шыршаның табиғаттың төрт мезгілінде жасыл болатындығын байқау дағдыларын жетілдіру; жасыл шыршаның қасиеттерін білуге деген қарапайым зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын арттыру. Құрастыру. Тақырыбы: «Жаңа жылдық сыйлық». Мақсаты: Балаларды лего құрылыс материалдары кірпіштерден жаңа жылдық шыршаны құрастыруға үйрету, қыс мезгілінде асыға күтетін жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін толықтыра отырып, Аяз атаға сыйлық жасауға ынталандыру; балалардың қол саусақ моторикаларын дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.	Мақсаты: Балаларды ұйымдастырып, ұжымдық сурет салу амалдарына бейімдеу; шырша бұталарына фломастер мен қылқандарын, түрлі пішінді, түрлі түсті ойыншықтарды салу техникасын дағдыландыру; балалардың ой-қиялын, түйсіктер және эмоциялар әлемін дамыту, дос тыққарым-қатынастарды дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Шырша Ойыншықтары». Мақсаты: Балаларды шыршаны ойыншықтармен безендіруге үйрету, шырша кимаулігісінің үстіне шаршыларды шеңбер етіп қиып алып, жапсыру іскерліктерін жетілдіру, балаларға жаңа жылдық көңіл күй сыйлау ойыншықтардың көлеңкелерін табу арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Музыка-1 (Музыка маманының жоспарымен)	Тақырыбы: «Жасыл шырша сыйлығы». Мақсаты: Балаларды шырша ағашының ерекшеліктерімен таныстыру; жаңа жылда шырша ағашын пайдалану себептері туралы білімдерін кеңейту; жаңа жыл мерекесіне шынайы қарау сезімдеріне тәрбиелеу.
-------------	--------------------	--	---	--	---

Қаңтар айының өтпелі тақырыбы: «Қыс қызығы»

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейтіп сөздік қорын байыту. Қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға баулу. Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажырата білу. Қар жерді қатты аяздардан ағаштардың бұталардың және көп жылдық өсімдіктердің тамырларын тоңып қалудан қорғайтыны, қардан мұз қалашықтар тұрғызуға шанамен және шаңғымен сырғанауға қардан мүсіндер жасауға қажет екені туралы түсінік беру : Балаларға жануарлардың қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. Олар қыстың суығынан қалай қорғанатынын сыртқы бейнелері неліктен өзгертетінін немен қоректенетін қыста жануарларға қамқорлық қажет екенін түсіндіру.

Білім салалары оқу қызметінің түрі және апта жүктемесі	Денсаулық-3 Дене шынықтыру (3)	Қатынас-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0.5 Музыка-1,5	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0.5
I апта « Қыс қызығы »	Дене шынықтыру-3 (маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Қысқы аулада суреттер тізбегі бойынша әңгіме құру". Мақсаты: Балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру; балаларға ойын түрлері туралы жаңа мағлұматтар беріп, "қысқы ойындар" ұғымын кеңейту; сөйлеудің әңгіме түрі туралы түсініктерді тиянақтау. Көркем әдебиет. Тақырыбы: Сырғанақ Мақсаты: Балаларды сырғанақта ойындар суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру. Өлең мазмұнымен таныстырып, қимыл жаттығуларын таппақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге	Математика негіздері. Тақырыбы: Қыстың жуан және жіңішке жолақтары Мақсаты: Балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, ең жуан жіңішке леу ең жіңішке сияқты шамалар ұғымдарын қалыптастыру. Саусақтар арқылы үш түрлі заттың жуандығын өлшеу амалымен таныстыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ақ аю» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылаудағыларын дамыту ақ аюдың сыртқы түрі және қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту.	Сурет салу Тақырыбы: "Қос қолғап". Мақсаты: Балаларды монотипия сурет салу техникасымен таныстыру; қос қолғаптың біріне қылқалам мен бояу арқылы қарапайым ою элементтерін салып, екінші жаққа, қағазды екіге бүктеп, басып, тура сондай оюлар бейнесін шығаруға үйрету. Мүсіндеу. Тақырыбы: »Жылқы» Мақсаты: Балаларға сазбалшықтан жылқыны жасауға үйрету, оның дене пішінін, пішіннің қозғалысын дұрыс беруге, пішіннің сипатына тән саздылықты,	

		үйрету қысқы ойындар жайында білімдерді кеңейту. Қыс мезгілінде болатын қызықтарға көрініс беру кезеңінде байқағыштығы мен зеректігін қалыптастыру. Достыққа шыдамдылыққа тәрбиелеу. Орыс тілі (Орыс тілі маманының жоспарымен)	Жанды табиғатқа қызығушылықтары мен бастамаларын және жауапкершіліктерін Қалыптастыру, қыс қызығы туралы ұғым беру. Ақ аюдың дене мүшелерін атау арқылы балалардың көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін зейіні мен тілін және дүниетанымын дамыту.	сымбаттылықты бере білуге үйрету; қырнауышты пайдалана білу дағдыларын бекіту; қиыстыру тәсілдерін, мүсіндеу ептілігін дамыту; мақсаттылыққа, достыққа, әрдайым достарына көмек көрсетуге тәрбиелеу. Музыка-2 (Музыка маманының жоспарымен)	
--	--	--	---	--	--

II апта «Қардың пайдасы»	Дене шынықтыру-3 (маман жоспары мен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Қарды бақылау. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [Р] дыбысы." Мақсаты: Балаларды үнді дауыссыз [р] дыбысымен таныстыру; дыбыстың сөздердің құрамында әрқалай тұратыны туралы түсіндіру; "қыс" пен "қар" сөздеріне туынды сөздерді көрсету; қысқы құбылыстар мен қарғаның тіршілік етуерекшеліктері жөнінде түсініктерді тиянақтау. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Аппақ қар» Мақсаты: Балаларды аппақ қар өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, табиғатты көркем бейнелеген сөздерді мұқият есте сақтауға үйрету аппақ қардың	Математика негіздері. Тақырыбы: «Алыс және жақын жатқан қар» Мақсаты: Балаларды заттардың алыс не жақын қашықтықта тұруы ұғымдарымен таныстыру. Балаларға заттардың шамаларын қашықтықтағы қалпын өзгерту кезінде ғана тануға болатынын заттардың қашықтығын қимылдарды уақытқа сәйкестеуде түсінуге болатынын түсіндіру. Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қар жауғанда". Мақсаты: Балалардың қыс мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету; қыс қызығы туралы түсініктерін кеңейту. Құрастыру. Тақырыбы: "Қыс қызығы аққала". Мақсаты: Балаларды қалдық	Сурет салу. Тақырыбы: "Оюлар салынған қарлы жолақ". Мақсаты: Балаларды тіктөртбұрышты жолдарды қазақтың ою өрнектері элементтерімен безендіру тәсілімен таныстыру; "қарға ізі", "құс тұмсығы", "қаңқа" сияқты ою элементтерін белгілі ырғақтықта қарындашпен сурет салу техникасын игерту. Жапсыру Тақырыбы: «Қуыршақ театр шымылдығын әшекеелейміз» Мақсаты: Балаларды жазуға арналған жабысқақ қағазды бүктеу арқылы шырша жүрекше және шеңбер пішіндерін қиып алуға оларды жіпке шеттерінен жапсыруға қуыршақ театры шымылдығын безендіруге үйрету. Қайшымен жұмыс жасау. Іскерліктерін	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: "Аққала қалай пайда болды?". Мақсаты: Балаларды аққаланың алғаш пайда болуы туралы деректермен таныстыру; аққала туралы әртүрлі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; қоршаған орта ғажайыптарын қызығушылық сезімдерін тудыру.
--	--	--	---	---	--

		қасиеттері мен ерекшеліктеріне көңіл аударып, оның пайдасын білуге және бағалай білуге дағдыландыру.	материал: поролондарды көлемі бойынша қағаз бетінде орналастырып, аққаланы құрастыруға үйрету, поролондарды қағаз бетіне орналастыру арқылы, балалардың кеңістікте бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру, қыс мезгіліндегі қызықтарды атай отырып, аққала жайлы білімдерін толықтыру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.	дамыту. Жаңа жылдық гирляндалармен топты немесе үйді безендіруге деген қызығушылықтарын арттыру. Музыка-1 (Музыка маманының жоспарымен)	
--	--	--	---	--	--

ІІІ апта «Аңдардың қысқы тіршілігі»	Дене шынықтыру-3 (маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Көзі қорқақ Қоян ертегісін мәнерлеп оқу". Мақсаты: Балаларды "Көзі қорқақ қоян" ертегісімен таныстыру; ертегідегі жабайы аңдардың бойындағы адамға ұқсас қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар жайлы ертегі жанры туралы ұғымдарын қалыптастыру; "көз қорқақ" фразеологизмінің мағынасын түсіндіру. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Апандағы аю» Мақсаты: Балаларды апандағы аю сурет мазмұнымен	Математика негіздері. Тақырыбы: «Аңдардың іздерін зерттейік» Мақсаты: Балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту. Ең жуан жіңішкелеу ең жіңішке ұғымдарын жетілдіру және жақын қашықтықтар жөнінде жаңа мағлұматтар беру. Бес санының құрамы жөнінде түсініктерді тиянақтау. Жаратылыстану Тақырыбы: Жабайы жануарларға қамқорлық. Мақсаты: Балалардың жабайы жануарлардың сыртқы түрі мен тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту. Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, жануарлардың қыс кезіндегі ерекше мінез-құлықтары туралы білімдерін	Сурет салу Тақырыбы: "Аю мен қонжық апанда ұйықтап жатыр". Мақсаты: Балаларды апанда ұйықтап жатқан үлкен аю мен қонжықты салу композициясын бейнелеуге үйрету; аңдардың негізгі бөлшектерін сопақшалар мен дөңгелек пішіндерінде пропорциялық үйлесімділікте салу техникасын жетілдіру; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, ақыл-ойын дамыту. Мүсіндеу. Тақырыбы: "Қонжықтың достары". Мақсаты: Балаларға жабайы жануардың сипаттық ерекшеліктерін	
---	---	---	---	---	--

		таныстыру.Мәтіні қысқа суреті бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету, шағын мазмұнды суретті өз шығармашылығымен әңгімелеп беруге дағдыландыру. Аюдың апанының басқа жануарлар індерінен ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Орыс тілі (Орыс тілі маманының жоспарымен)	қалыптастыру. Қыста тіршілік ететін жабайы жануарларды жатқа білуге үйрету.	көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы қонжықты мүсіндеуді үйрету; мүсіндеу амалдарын бекіту; балалардың қол бұлшықеттерін, зейінін дамыту, ермексазбен жұмыс істеуге ынталандыру және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Музыка-2 (Музыка маманының жоспарымен)	
--	--	---	---	---	--

IV апта «Қыстайтын құстар»	Дене шынықтыру-3 (маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Құстарға жемшашар" тақпағын жаттау. Мақсаты: Балалардың "тақпақ" ұғымын жетілдіру, қыстайтын құстар туралы көркем сөз үлгісімен таныстырып, құстарға қыста қамқорлық жасау жөнінде білімдер жиынтығын тиянақтау; Балаларды "Құстарға жемшашар" тақпағын жаттап алып, мәнерлеп айтуға үйрету. Көркем әдебиет Тақырыбы: Бұлбұл мен тоқылдақ	Математика негіздері. Тақырыбы: "Дорбадағы құмалақтар" Мақсаты: Балалардың заттарды тура және кері санау туралы ұғымдарын қалыптастыру, көзбен көрмей-ақ бірден беске дейін санау амалы туралы, екі заттардың сандарын тең ету амалдары туралы білімдерін тиянақтау; Балалардың заттарды, бейнелерді көзбен көрмей- ақ ұстап, сипау, құлақпен дыбыстарды естіп, санап, тура және кері санап, қорытындыны сөзбен жеткізу, карточкадағы санды көрсету, саны тең заттарды тізіп салу дағдыларын тиянақтау. Жаратылыстану. Тақырыбы: "Құстарға жем" Мақсаты: Балалардың қыстайтын құстардың тіршілік етуі туралы түсініктерін	Сурет салу Тақырыбы: "Сары шымшық". Мақсаты: Балалардың қылқаламмен сары шымшық бейнесін салуға үйрету;құстысалуды барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты денебөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау; акварельді бояуды қылқаламға қою реңкі етіп, қағаз бетіне үлкен мөлшерде салуға талпындырту; көзбен мөлшерлеу, зейінін, құстарға қамқорлыққа деген сезімдерін	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: "Аялайық құстарды". Мақсаты: Балалардың құстардың қысқытіршілігі туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын Құстар тіршілігі жайлы
--------------------------------------	---	--	--	--	--

		Мақсаты:Балаларды бұлбұл мен тоқылдақ әңгімесінің мазмұнымен таныстыру.Мәтіні қысқа әңгімені бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету,шағын мазмұнды әңгімені өз шығармашылығымен әңгімелеп беруге дағдыландыру. Бұлбұл мен тоқылдақ туралы ақпарат бере отырып, олардың ішінде қыстайтын құстың ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.	кеңейту, қыста өлкеде тіршілік ететін құстарды жатқа білуге үйрету; қыстайтын құстардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру. Балалардың оқу қызметінде құрдастарының жауаптарын тыңдай білу, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелерін сақтау, қыстап қалатын құстарға қамқорлық көрсете білуге, жауапкершілікке тәрбиелеу. Құрастыру. Тақырыбы: "Аю мен қасқыр". Мақсаты: Балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне қасқырды және аюды құрастыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру; үлгі бойынша құрастыру іскерліктерін, танымдық қабілеттерін дамыту.	дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Сүп сүйкімді суық торғай» Мақсаты:Балаларды алдын ала дайындалған ағаш бұтағының суықторғай ұлпа қарлар қима үлгісін қағаз бетіне жапсыру арқылы суықторғай жапсырмасын жасауға үйрету қызыл түсті майлықты шенбер етіп қиып алып, суықторғайдың денесіне жапсыруға үйрету. Музыка-1 (Музыка маманының жоспарымен)	балалардың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайту; құстарға қамқорлық жасауға және оларға деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.
--	--	--	--	---	--

Ақпан айының өтпелі тақырыбы: : «Мен және қоршаған орта»

I апта тақырыбыМақсаты: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру адамгершілік нормаларын төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуді қамтамасыз ету. Түрлі мамандықтарға қызығушылықты, ересектердің еңбегінің маңыздылығы туралы түсініктерін дамыту, адамдардың өмірінде барлық мамандықтардың маңызды екенін түсіндіру ересектердің еңбегіне мейірімділікпен құрметпен қарауға оларға көмек көрсетуге тәрбиелеу. Техника әлемімен оның ерекшеліктерімен және түрлерімен таныстыру, техникалық мамандықтарға қызығушылық тудыру,

Білім салалары оқу қызметінің түрі және апта жүктемесі	Денсаулық-3 Дене шынықтыру (3)	Қатынас-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0.5 Музыка-1,5	Әлеумет -0,5 Қоршаған ортамен танысу-0.5
---	--	--	--	--	--

І апта «Мен және қоршаған орта»	Дене шынықтыру-3 (маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Ауыл мен қала туралы әңгімелеу. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [Л] дыбысы." Мақсаты: Балаларды үнді дауыссыз [л] дыбысымен таныстыру; сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; "ауыл" мен "қала" ұғымдарын тиянақтау; адамның қала мен ауылдағы тіршілігі туралы білімдерін пысықтау. Баланы дауыссыз [л] дыбысын буын, сөздер құрамында айтуға жаттықтыру; дыбысты құлақпен естіп, сөздер құрамында орнын тауып, атауға үйрету. Көркем әдебиет. Тақырыбы: Бақша ағаштары Мақсаты: Балаларды бақша ағаштары әңгімесімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу әңгімедегі ағаштардың қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру ағаштар туралы қысқаша түсінік бере отырып, ағаштар мен тәрбие туралы ұғымдарын кеңейту, адам және қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. Орыс тілі (Орыс тілі маманының жоспарымен)	Математика негіздері. Тақырыбы Түрлі пішінді балықтар Мақсаты: Саны қанша сонша бірдей саны тең және заттардың кеңістікте алыс жақын орналасу ұғымдарын пысықтау. Балалардың әрқалай және бірыңғай орналасқан екі топ заттарының теңдігін байқау және қорытындыны тексеру амалдарын жетілдіру. Жаратылыстану. Тақырыбы: «Террариумдағы Тасбақа» Мақсаты: Балаларда тасбақаның тіршілігі мен оған күтім жасау туралы білімдерін қалыптастыру тасбақаның құрлықтағы әрекеттері жайлы түсініктерін сыртқы түрі үй жағдайындағы тіршілік ету ортасы мекені азығы кеңейту үй жағдайында тасбақаға күтім жасау дағдыларын жетілдіру адам және қоршаған орта туралы ұғым беру.	Сурет салу . Тақырыбы: "Аквариум балықтары". Мақсаты: Балаларды үлкен және кішкентай балықтардың бейнелерін, дөңгелек пен сопақша, үшбұрыш пішінді трафареттерді бастырып салу техникасына үйрету; балықтардың бейнелерін қағаз бетіне үйлесімділікте орналастыруға машықтау. Мүсіндеу. Тақырыбы: "Тиін жаңғақ кеміріп отыр". Мақсаты: Балаларды тұтас қызғылт сары түсті ермексازдан тиінді мүсіндеуге үйрету; мүсіндеудің созу, шымшу, есу әдістерін пайдалану, ермексазды қырнауышпен тырнау іскерліктерін жетілдіру; Тиіннің сыртқы түрінің сипаттық белгілерін көрсетуді үйрету. Тиіндергесүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Музыка-2 (Музыка маманының жоспарымен)	
---	---	--	--	---	--

II апта «Алуан-алуан кәсіп бар»	Дене шынықтыру-3 (маман жоспары мен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Кімнің қолынан не келеді? диалогтар ойыны". Мақсаты: Балалардың "мамандық" туралы ұғымын қалыптастыру; диалог пен монолог,	Математика негіздері. Тақырыбы: Аспаздың кесу тақталары. Мақсаты: Балалардың ұғымында реттік сан есім туралы түсінікті қалыптастыру; бес саны көлемінде тура және кері санау туралы түсініктерін кеңейту; Балалардың геометриялық пішіндерді беттестіру, салыстыру техникасын жетілдіру;	Сурет салу. Тақырыбы: "Етікшінің жаңа қос етігі". Мақсаты: Балаларды қос етік сұлбасыларын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің қоншысына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: "Мамандықтың бәрі жақсы". Мақсаты: Балаларды
---	--	--	--	--	---

		сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; Балаларды мамандықтар ерекшеліктері жөнінде көркем сөзді тындап, тақпақ жолдарындағы фразалар арқылы белгілі сұрақтарға логикаға сай жауап беру дағдыларын қалыптастыру; Балаларды мамандықтар иелеріне деген құрметке, ұғымталдыққа, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: Мен дәрігер боламын Мақсаты: Мамандық туралы қысқаша түсінік бере отырып, дәрігер қызметі туралы ұғымдарын кеңейту. Өлең мазмұны арқылы балалардың тілі мен зейінін шығармашылығымен есте сақтау қабілетін және дербестігін дамыту. Ересектер еңбегін құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.	әртүрлі заттарды эквиваленттермен алмастырып қорытынды жасағанда заттардың түрлеріне емес, жиын санына көңіл аударуға үйрету; Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жануарлар емшісі. Мақсаты: Балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; қыста жануарларға азық беру мен күтім жасау ерекшеліктерімен таныстыру; жануарлар емшісі (мал дәрігері) қызметі туралы ұғым беру. Балалардың жануарлардың тіршілігі мен оған күтім жасауға және қамқор болуға деген қызығушылықтарын ояту және белсенділікке тәрбиелеу. Құрастыру. Тақырыбы: "Мысығым менің мысығым" Мақсаты: Балаларды мақта табақшаларынан мысықты құрастыруға үйрету; жазық қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіре отырып, бүтін мақта табақшасын тең ортасынан қайшының көмегімен екіге бөлу іскерліктеріне дағдыландыру; қайшымен жұмыс барысында қауіпсіздік техникасын сақтауға үйрету; мысық туралы, мысықтың қасиеттері жайлы білімдерін толықтыру.	дөңгелектің үстіне "мүйіз" оюын салу техникасын қалыптастыру; етікші мамандығы туралы ұғымдар беру; қазақтың ұлттық қол өнеріне деген қызығушылықты, адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: Абзал жан дәрігер Мақсаты: Балаларды дәрігер қима үлгісінің басының үстіне тіктөртбұрышты көлденең орналастырып, оны дәрігердің медициналық қалпағы деп қабылдай отырып, дәрігердің басы сұлбасының бетіне бет әлпет белгілерінің қима үлгілерін жапсыруға, жолақ қағаздарды қиып, ортасынан бүктеп шетін желіммен жапсырып, дәрігердің басы сұлбасының төменгі жағына қатар бойымен сол жақтан оңға қарай жапсыруға үйрету, балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Музыка-1 (Музыка маманының жоспарымен)	мамандықтардың маңыздылығы мен таныстыра отырып, оларды ажыратып, атай білуге үйрету; мамандық ерекшеліктері туралы ой-өрісін кеңейту; мамандық түрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.
--	--	---	---	---	---

III апта тақырыбы: «Техника және біз»	Дене шынықтыру -3 (маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Тұрмыстық техника жөнінде «Не күшті?» әңгімесін мазмұндау." Мақсаты: Балалардың тұрмыстық техника жөнінде ұғымдарын дамыту;сөйлеудің әңгіме түрі мен оның құрылу мазмұны жөнінде білімдерін жетілдіру; тұрмыстық техниканың адамға маңызды көмекші құрал екеніне көз жеткізу, техниканы күту ережелері туралы жалпы мағлұмат беру,тілдерін дамыту. Көркем әдебиет Тақырыбы: Пойыз Мақсаты: Балаларды пойыз туралы өлеңмен таныстыра отырып, өтірік өлең мазмұны бойынша өлең жолдарын мәнерлеп оқу өтірік өлең мазмұнын зейін қойып мұқият тыңдауға үйрету, пойызға деген балалардың қызығушылығын тудыру адам және техниканың тығыз байланысы туралы білімдерін кеңейту Өтірік өлеңдегі сөздер арқылы балалардың сөздік қорын молайту өлең мазмұны бойынша зейіні мен қиялын және тілі мен есте сақтау қабілетін дамыту. Орыс тілі	Математика негіздері. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы Үйді жинаудың әдебі Мақсаты: Балаларға қағаз бетіндегі заттардың орналасу бағдары жөнінде жаңа білімдер беру, үстіңгі, сол жақ үстіңгі, оң жақ төменгі, сол жақ төменгі оң жақ ұғымдарын қалыптастыру, Балаларды геометриялық пішіндердің қағаз бетінде орналасу қалыптарын ажыратып сөзбен айтуға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: « Ауа баптағыш Кондиционер» Мақсаты:Балалардың ауа баптағыш туралы білімдерін кеңейту, ауа баптағыштың жұмыс істеу ерекшеліктерімен таныстыру, адам және техника туралы ұғым беру. Балалардың қарапайым тәжірибелік зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: "Үтік". Мақсаты: Балаларды үтік суретін заттық салу техникасына үйрету; үтіктің негізгі құрылымы бөлшектеріне қарап, тұтас техника құралы бейнесін танып, атауға талпындырту; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ой-қиялын дамыту; ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Мүсіндеу. Тақырыбы: "Жол белгілері: бағдаршам". Мақсаты: Балаларды қара түсті ермексазды есу арқылы, шыққан шұжықтың екі бас жағын басып, бағдаршамның негізін жасап, оған үш түрлі дөңгелектерді жапсырып, бағдаршамды мүсіндеуге үйрету; жолда жүру ережесі туралы білімдерін ойын арқылы бекіту. Музыка-2	
---	---	---	---	---	--

		(Орыс тілі маманының жоспарымен)		(Музыка маманының жоспарымен)	
--	--	----------------------------------	--	-------------------------------	--

IV апта «Дені саудың жаны сау»	Дене шынықтыру-3 (маман жоспары мен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Жеті ағайын тақпағын мәнерлеп оқу» Мақсаты: Балаларды "Жеті ағайынды" тақпағымен таныстыру; денсаулыққа байланысты "жеті ағайынды" сөз тіркесінің ауыспалы мағынасын түсіндіру; Балаға денсаулықты сақтау тәртіптері жөнінде баяндай отырып, осы тақырып бойынша сұрақтарға жауаптарды адамның қасиетін білдіретін сапалық сын есімдерді дұрыс қолдану қабілетін арттыру. Көркем әдебиет Тақырыбы: Аурудан аяған күштірек Мақсаты: Балаларды әңгімемен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу, әңгіме мазмұнын зейін қойып мұқият тыңдауға үйрету, әңгімедегі Сейіттің	Математика негіздері. Тақырыбы: «Қатарға тұрайық Спортшылар» Мақсаты: Балалардың бірден беске дейінгі реттік сандар тура және кері санау жөніндегі білімдерін нығайту, биік аласа ұғымдарын жетілдіру, балаларға биік пен аласа өлшемдерінің ең биік, аласалау, биіктеу, ең аласа сияқты қалыптары болатыны туралы түсіндіру, өзін өзі бағдарлау өзіне қатысты кеңістік бағдарын пысықтау салауатты өмір салтын насихаттау. Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жалбыз өсімдігі". Мақсаты: Балаларды жалбыз емдік өсімдігімен таныстыру; жалбыздың шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін нығайту; жалбыздың емдік қасиеттерінің адам ағзасына шипалы екендігі туралы ұғым беру. қарапайым тәжірибелік- зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; Балалардың емдік өсімдіктерге, соның ішінде жалбызға күтім жасауға және олардың шипалы қасиеттерінің сырын білуге деген қызығушылықтарын ояту; Құрастыру.	Сурет салу Тақырыбы: "Қанекей, сапқа тұр!". Мақсаты: Балалардың достарымен бірігіп, таңертеңгі жаттығуды жасап жатқан балалар бейнесін салуға бейімдеу; адамның денесін салуда пропорцияларды ұстану техникасына үйрету, ақыл-ойын, қағаз бетін бағдарлау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту; Жапсыру Тақырыбы: «Дәрумендер» Мақсаты: Балаларды түрлі түсті майлықтарды жырту және умаждау әдісі арқылы өздері таңдап алған жеміс қима үлгісінің үстіне желімнің көмегімен	Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: "Денсаулығым - байлығым". Мақсаты: Балалардың денсаулық туралы білімдерін кеңейту; денсаулықты сақтау үшін денсаулық ережелері мен қағидаларын бала бойына сіңіру; әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғым беру.
--	--	---	---	---	--

		әжесінің жаны ауырмаса екен деген шыдамдылығына балалардың қызығушылығын тудыру.Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Тазалық - денсаулық кепілі". Мақсаты: Балаларды қалдық материал: йогурттың қалдық ыдысынан және қағаздан қолжуғышты құрастыруға үйрету; жасаған жұмыстарын безендіріп, шығармашылыққа тәрбиелеу.	жапсыруға дайын жемістерді қағаздан жасалған себеттің үстіне жапсыруға үйрету. Музыка-1 (Музыка маманының жоспарымен)	
--	--	---	--	--	--

Наурыз айының өтпелі тақырыбы: «Салттар мен фольклор»

I апта тақырыбы: Көктем жаршысы- құстар.

Мақсаты: Жыл мезгіліне байланысты табиғатта болатын өзгерістер көктемде жыл құстары туған жерге оралып, ұя салып балапан басып шығаратыны туралы түсіндіру, көктемде күн шуағының жылуымен қар еріп, сай салалардан жылғалардан сылдырап су ағып, табиғаттың ерекше күйге енетіні туралы түсініктерін дамыту. Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың мәдениетіне салт дәстүрлеріне тәрбиелеуге, адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыру;

Білім салалары оқу қызметінің түрі және апта жүктемесі	Денсаулы қ-3 Дене шынықтыру (3)	Қатынас-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-3,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0.5 Музыка-1,5	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0.5
I апта «Көктем жаршысы құстар».	Дене шынықтыру-3 (маман жоспарымен)	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Тілдің дыбыстық мәдениеті: [У] дыбысы. "Тырналар жыры" әңгімесін оқу". Мақсаты: Жыл құстары, тырналардың тіршілігі жөнінде білім беру; "туған жер", "мекендеу орны" ұғымының адам мен аң-құстарға тән құбылыс екенін түсіндіру. Балаларға [у] дауыссыз дыбысының артикуляциясын үйрету.	Математика негіздері. Тақырыбы Геометриялық денелер мен геометриялық пішіндер Мақсаты: Балаларды геометриялық денелермен таныстыру геометриялық денелер және геометриялық пішіндерге ортақ ұқсастық айырмашылық туралы негізгі ұғымдар беру геометриялық пішіндердің немесе денелердің қоршаған	Сурет салу. Тақырыбы: "Құмыраға салынған гүлдер". Мақсаты: Балалардың вазадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарын қылқалам алқылы жақпалап салу, вазаны жарты шеңбер тәрізді етіп, қағаз бетінде	

